



Қазақстан сыртқы саудасының экономикалық өсуіне эмпирикалық талдау

А.О. Сыздықова¹, Г.Ж. Азретбергенова², Ж.К. Жетібаев³

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан


(E-mail: ¹aziza.syzdykova@ayu.edu.kz, ²gulmira.azretbergenova@ayu.edu.kz, ³zhanture.zhetibayev@ayu.edu.kz)

Аңдатпа. Әлемдегі соңғы орын алған Covid-19 пандемиясынан кейін мемлекеттер экономикасын қайта қалпына келтіруге үлкен күш салуда. 2019-2021 жылдар арасында сыртқы сауданың елдер арасында ауытқулар көлемі орын алды. Жалпы алғанда, еліміздің экономикасының өсуіне сыртқы сауда оң ықпал етеді. Осы негізде сыртқы сауданың көлемін ұлғайтуда, мемлекеттер өз саясатын сауатты жүргізуге тырысады. Сыртқы сауда мен экономикалық өсу арасындағы байланыс халықаралық экономиканың пайда болуынан басталады. Сыртқы сауда экономикалық өсудің негізгі факторларының бірі болып табылады. Елдер бір-бірімен экономикалық қарым-қатынаста болу үшін экспорттық потенциалын арттыра отырып, валюта ағынын қамтамасыз ететін қызметпен айналысуы керек. Сыртқы сауданың негізгі міндеттері экономикалық өсу мен дамуды қамтамасыз ету және жеделдету болып табылады. Экономикадағы зерттеулер сыртқы сауданың ұлттық экономиканың өсуіне оң және теріс әсер ететінін көрсетеді. Зерттеуде Қазақстанның экономикалық өсімі мен сыртқы сауда арасындағы байланыс 1995-2022 жылдар аралығындағы деректер бойынша талданды. Айнымалылар арасындағы ұзақ мерзімді байланыстың болуын зерттеу үшін Йохансен коинтеграциялық талдауы қолданылды. Сонымен қатар айнымалылар арасындағы себеп-салдарлы байланысты талдау мақсатында Гренджердің себептілік сынағы жасалды. Гренджердің себеп-салдарлы талдауына сәйкес, экспорт пен өсу арасында екі жақты себептілік және экономикалық өсуден импорт айнымалысына бір бағытты себептілік байланыс бар. Бұл нәтижелер Қазақстанда импортталатын тауар немесе қызметтердің экономикалық өсуінің себебі бола алмайтындығын көрсетеді.

Түйін сөздер: сыртқы сауда, экспорт, импорт, экономикалық өсу, халықаралық экономика, Қазақстан, коинтеграциялық талдау


Кіріспе

Қазіргі таңда әлемде белең алған халықаралық сауда-саттық елдердің экономикалық даму процесінде аса маңызды жоғары рөлге ие. Өйткені ішкі серпінді белсендіретін сыртқы сауда болып табылады. Сыртқы саудасыз дамуға қол жеткізу мүмкін емес. Сыртқы сауданы жүзеге асыруға мүмкіндік беретін салаларға ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және қызмет көрсету жатады. Өнеркәсіп секторының экономикалық өсуге әсерін арттыру дамуды қамтамасыз етуде маңызды. Дамушы елдер өздерінің экономикалық өсуін жүзеге асыру үшін экспорттан алатын кірісті өнеркәсіптік және инвестициялық тауарларды импорттау арқылы қамтамасыз ете алады. Даму инвестицияларын қаржыландыру экспорттан алынатын табысқа байланысты болғандықтан, дамуды жеделдету үшін экспорттық кірістерді көбейту керек. Экспорттың өзгеруі ЖІӨ-нің сол бағытта өзгеруін тудырады. Басқаша айтқанда, экспорттың артуы өсімнің жоғарылауына әкеледі. Бұл экономикаға екі жолмен әсер етеді. Біріншіден, үй шаруашылығының кірісі артады, демек, кедейлік деңгейі төмендейді. Екіншіден, экспорттың ұлғаюы нәтижесінде өндірілетін өнім көлемінің артуы (оны жанама әсер деп атауға болады) салықтың өсуін қамтамасыз ету арқылы мемлекеттік шығыстардың ұлғаюына мүмкіндік береді. Төмендегі 1-суретте 1992-2022 жылдар арасындағы Қазақстанның ЖІӨ, экспорт және импорт көрсеткіштері берілген.



Сурет 1. Қазақстанның ЖІӨ, экспорт және импорт деректері (млрд АҚШ доллары)
 Ескерту: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
 Ұлттық статистика бюросы (<https://stat.gov.kz>) және ҚРҰБ (<https://www.nationalbank.kz>)
 деректерімен авторлар құрастырған.

Қазақстан Республикасының ЖІӨ-нің өсу қарқыны 1992 жылдан бастап 2022 жылдар арасында динамикалық көрсеткіштерге саралайтын болсақ, 1992 -2002 жылдар арасында тұрақты болған. 2003 жылдан бастап 2008 жылға дейін өсу қарқынын көрсетті, 2008 жылы әлемдегі орын алған дағдарыстан кейін, 2009 жылы еліміздегі ЖІӨ, импорт пен экспортта төмендеу үрдісі байқалды. Алайда 2010 жылдан бастап көрсеткіштердің өткен жылдармен салыстырғанда артқандығын көруге болады. Жалпы алғанда Қазақстанда ЖІӨ мен экспорт көрсеткішінің бірдей қозғалысын байқауға болады. Себебі Қазақстанның экономикасы негізінен мұнай экспортына тәуелді болғандықтан экспорттың өзгерісі ЖІӨ-ге тікелей әсерін тигізеді.



Сурет 2. Қазақстанның сыртқы саудасындағы экспорт пен импорттың көлемі (млрд АҚШ доллары)

Ескерту: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы (<https://stat.gov.kz>) және ҚРҰБ (<https://www.nationalbank.kz>) деректерімен авторлар құрастырған.

2-сурет бойынша сыртқы саудадағы экспорт пен импорттық көлемі Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан кейін елімізде 1992 жылы өндірістердің тоқырауға ұшырауына байланысты импорт көлемі экспорт көлемінен жоғары болды. Ал 1994 -2003 жылдар арасында импорт пен экспорт көлемі тұрақты түрде болса, 2004-2008 жылдар арасында өсу қарқыны орын алды. 2008 жылы орын алған әлемдік дағдарыстан кейін көрсеткіштердің күрт төмендегендігін, 2010 жылдан бастап қайтадан артқандығын көруге болады. 2012 жылы Қазақстанның сыртқы сауда көрсеткіші дағдарыстан бұрынғы мөлшерден асып түскен. 2014 жылдың соңында әлемдегі мұнай бағасының

күрт төмендеуіне байланысты Қазақстанның экспорт көлемі де күрт түскен. 2022 жылдың соңында Қазақстанның экспорт көлемі 86,1 млрд АҚШ долларын құраса, импорт көлемі 49,8 млрд АҚШ долларын құраған. Жалпы алғанда Қазақстан сыртқы сауда профициті беретін елдердің қатарында.

Әдебиетке шолу

Сыртқы сауданың экономикалық өсуге әсері, әсіресе дамушы елдерде, академиялық зерттеушілер мен практиктер арасында көп пікірталасқа өзек болды. Осы зерттеулердің көпшілігі сыртқы саудамен айналысатын және шетелдік инвестицияларға есік ашатын елдер тек ішкі нарыққа арналған өнімдер өндіретін елдерге қарағанда тиімдірек екенін көрсетеді. Экспорт мемлекеттік бюджетті шетел валютасымен қамтамасыз етеді, елге инвестицияларды арттырады, ал импорт елді техникамен және жаңа технологиямен қамтамасыз етеді [1,2,3,4,5,6]. Сондай-ақ, жаһандану мен ырықтандыруға байланысты елдің экономикасы ашықтық, мұнай бағасы және жаһандық нарық сияқты сыртқы факторларға көбірек байланысты болады. Сыртқы сауданың экономикалық өсуге әсері туралы зерттеулер әртүрлі эконометрикалық әдістермен талданған. Бұл зерттеулердің әдістері, қамтылған елдер мен кезең және олардың нәтижелері төмендегі кестеде жинақталған (1-кесте).

1-кесте: Әдебиеттегі зерттеулердің нәтижелерін саралау

Авторлар	Қамтылған кезең, елдер	Нәтиже
Kravis (1970)	1835-1966, 55 таңдалған ел	Автор экспортқа негізделген гипотезаның дұрыс екенін алға тартқан [7]
Riezman және т.б. (1995)	1950-1990, 126 таңдалған ел	Бұл зерттеуде сыртқы сауда мен экономикалық өсу арасында екі жақты байланыс орныққан [8]
Frankel және Romer (1996)	1960-1985, 7 шығыс елі	Сыртқы сауда мен экономикалық өсу арасында маңызды байланыс бар [9]
Henriques және Sadorsky (1996)	1870-1991 Канада	Авторлар экспортқа негізделген өсуді қолдады. Алайда белгілі бір кезеңдерде олар бұл гипотезаның тиімсіздігін байқады [10]
Al-Yousif (1997)	1973-1993 Сауд Арабиясы, Кувейт, Біріккен Араб Әмірліктері және Оман елдері	Сынақтардың нәтижесінде экспорт пен өсім арасында айтарлықтай байланыс бар екені анықталған [11]
Akbar және Naqvi (2000)	1972-1998 Пәкістан	Ол экспорттан өсуге оң қатынасты және өсімнен экспортқа теріс қатынасты тапқан. Автор экспортқа негізделген өсімге оң қарамады [12]
Dritsakis және Adamopoulos (2004)	1960-2000 Греция	Ол қаржылық ашықтықтан дамуға дейінгі байланыс бар екенін анықтаған [13]

Нameed және т.б.(2005)	1973-2002 Оңтүстік Азия елдері	Олар экспорттан өсімге дейін себептілік бар екенін анықтаған [14]
Shahbaz және т.б.(2011)	1990-2008 Пәкістан	Олар экспорт пен өсу арасындағы байланысты тапқан [15]
Епи және т.б. (2013)	Гана	Зерттеуде ұзақ мерзімді перспективада экспорттың нақты жалпы ішкі өнімге оң әсерін тигізетіні және нәтижесінде экспорттың артуы нақты жалпы ішкі өнімнің жақсаруына әкелетіні анықталған [16]
Were (2015)	Африка елдері	Олар Ресей, Бразилия, Түркия және Қытай үшін ЖІӨ-ге экспорттан бірбағытты себептік байланысты тапқан [17]
Srinivasan (2016)	БРИКС елдері	Бразилиядан басқа БРИКС елдері үшін экспорт пен экономикалық өсу арасында айтарлықтай ұзақ мерзімді байланыс және экспорт пен өсу арасында екі жақты себептілік бар [18]
Makhmutova және Mustafin (2017)	Қытай, АҚШ, Ресей және Германия	Қорытындыларға сәйкес, ұлттық экономикалар тұрғысынан сыртқы сауданың маңыздылығы келесідей тізілген: Германия, Қытай, Америка Құрама Штаттары және Ресей [19]
Blavasciunaite және т.б. (2020)	Еуропалық Одақ елдері	Нәтижелер сауда балансының экономикалық өсімге кері әсерін көрсеткен [20]
Hobbs және т.б.(2021)	Албания	Нәтижелер ЖІӨ өсімі қысқа мерзімді перспективада экспорт пен тікелей шетелдік инвестициялардың өсуіне әкелетінін көрсеткен [21].
Дереккөз: Әдебиеттер негізінде авторлар құрастырған		

1-кестеде 1970 жылдан кейінгі кезеңдегі сыртқы сауда мен экономикалық өсу арасындағы байланысты қарастыратын зерттеулер келтірілген. Зерттелетін әдебиеттер аясында сыртқы сауда мен экономикалық өсу арасындағы оң байланысты анықтайтын зерттеулер, сондай-ақ керісінше көзқарасты дәлелдейтін зерттеулер бар. Сонымен қатар, белгілі бір уақыт пен орынға байланысты өзгеретін аралас нәтижелер де алынған. Ал Қазақстанда сыртқы сауда мен экономикалық өсу арасындағы байланысты зерттеген эмпирикалық жұмыстар жоқ деп айтуға болады. Сол себепті бұл жұмыс отандық әдебиетке үлес қосады және нәтижелері маңызды болып табылады.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында Қазақстандағы сыртқы сауда мен экономикалық өсу арасындағы байланыс 1995 жылдан 2022 жылға дейінгі тоқсандық мәліметтермен талданды. Жалған

регрессия мәселесіне тап болмау үшін айнымалылар арасындағы маңызды қатынасты табу қажет. Айнымалыларда бірлік түбірі болса, стационарлы бола алмайды, ал айнымалылар стационарлық болмаса, қатарлар арасындағы мағыналы байланыс туралы айту мүмкін емес. Қатардың стационарлығы екі уақыт шамасының айырмашылығына, қатардың орташа және дисперсиясының тұрақты болуына байланысты. Жалған регрессияны болдырмау үшін бірнеше сынақ қажет. Олардың біріншісі – бірлік түбір сынағы. Қарым-қатынастың жалған немесе шынайы екенін түсіну үшін қатардың қаншалықты стационарлық екенін анықтау керек. Бұл сынақ үшін кеңейтілген Дики Фуллер (ADF) сынағы пайдаланылды. Егер екі қатардың айырмашылықтары бірдей стационарлық болса, осы екі қатардың арасында нақты байланыс туралы айтуға болады. Бұл жағдайда бұл екі қатар коинтеграцияланған қатарлар болып табылады. Коинтеграциялық тест қатарлар арасындағы ұзақ мерзімді байланыстың болуын зерттеу қажет болғанда қолданылады. Осы себепті Йохансен коинтеграциялық талдау жасалды. Соңында, ұзақ мерзімді қатынас нәтижесінде айнымалылар арасындағы сәйкессіздіктерді түзету үшін қолданылатын қателерді түзету моделі қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Біріншіден, бірлік түбірді тексеру нәтижелері 2-кестеде келтірілген. Ықтималдық мәндерін пайдалану арқылы айнымалылардың стационарлық немесе стационарлық еместігін анықтауға болады. Барлық айнымалылардың бірінші айырмашылық ықтималдық мәндері 0,05-тен төмен болғандықтан, олар 5% маңыздылық деңгейінде стационар болады. Сондықтан барлық айнымалылар I (1) болады. Содан кейін VAR талдауын қолдану үшін сәйкес кідіріс ұзақтығы табылады (3-кесте).

2-кесте . ADF түбірлік сынағының нәтижесі

Айнымалылар	Деңгей (тұрақты және тренд)		Бірінші айырмашылық (тұрақты және тренд)	
	ADF мәні	Ықтималдық мәндері	ADF мәні	Ықтималдық мәндері
Экспорт	-1.7047	0.8906	-6.8897	0.0000
Импорт	-1.2480	0.9910	-5.2230	0.0130
Экономикалық өсу	-2.3071	0.3970	-5.7056	0.0004

Кешігу ұзақтығын анықтау кезінде ең жиі қолданылатын тесттер – Akaike Information Criteria (AIC) және Schwarz Information Criteria (SIC). Осы сынақтарға сәйкес нәтижелер 3-кестеде көрсетілген.

3-кесте. Кешігу ұзақтығы

Кешігулер	1	2	3	4
Ақпараттық критерийлер				

LR	363.00	36.76	64.16	33.16*
FPE	7.27e+20	7.12e+20	4.22e+20	3.28e+20*
AIC	66.77	66.62	66.00	66.74*
SIC	67.14	67.13	66.87*	66.88
HQ	66.73	66.77	66.36	66.20*

* Критерийдің қай кешігу ұзындығын қабылдайтынын көрсетеді.
(Әр тест 5% маңыздылық деңгейінде бағаланды).

Осы шеңберде VAR талдауы үшін сәйкес кешігу ұзақтығы LR, FPE, AIC және HQ критерийлері бойынша 4-ті, бірақ SIC критерийі бойынша 3-ті құрайды. Кешігу уақыты AIC критерийі негізінде 4 ретінде қабылданады. I (1) болып табылған қатардың ұзақ мерзімді байланысын түсіндіру үшін коинтеграциялық тест қолданылады. Төрт кешігу ұзындығы үшін Йохансен коинтеграциялық тесті орындалады (4-кесте).

4-кесте. Йохансен коинтеграция тестінің нәтижелері

Trace Test	%5 критикалық мән	Ықтималдық мәні	Коинтеграция
39.2891	29.7970	0.0030	Коинтеграция жоқ*
12.6004	15.4947	0.1303	1 коинтеграция бар
0.2572	3.8414	0.6120	2 коинтеграция бар
Maximum Eigenvalue	%5 критикалық мән	Ықтималдық мәні	Коинтеграция
26.6887	21.1316	0.0074	Коинтеграция жоқ*
12.3431	14.2646	0.0984	1 коинтеграция бар
0.2572	3.8414	0.6120	2 коинтеграция бар

4-кестедегі Йохансен коинтеграциясының нәтижелеріне сәйкес айнымалылар арасында кем дегенде бір коинтеграциялық байланыс табылды. Басқаша айтқанда, ұзақ мерзімді қарым-қатынас бар деп айтуға болады. Айнымалылар арасындағы коинтеграцияның болуы қате терминінің өсу бағытында жүруіне жол бермейтін ескерту процесінің бар екенін көрсетеді. Сонымен бірге коинтеграциялық тест қателерді түзету моделін жасау үшін қажет деп саналады. Коинтеграция табылғаннан кейін қатарлар арасындағы себептілік талдауын жасау керек. Бұл талдауда қатені түзету үлгісі (Error Correction Model-ECM) пайдаланылды. Бұл модель айнымалылар арасындағы теңгерімсіздіктерді түзету үшін қолданылады. Айнымалылар арасында ұзақ мерзімді тепе-теңдік туралы болжам бар және қысқа мерзімді кезеңде осы ұзақ мерзімді тепе-теңдіктен ауытқулар болады. Қатені түзету үлгісі ұзақ мерзімді перспективада осы ауытқулардың жойылуына қанша уақыт кететінін анықтау үшін қолданылады (5-кесте).

5-кесте. Қатені түзету үлгісі

Қатені түзету	d(Экономикалық өсу)	d(Импорт)	d(Экспорт)
CointEq1	-0.139713	-0.012677	0.008744
	(0.06363)	(0.01733)	(0.00863)
	[-2.08835]	[-0.73157]	[0.80782]

Қатені түзету теңдеуінен алынған түзету коэффициенті теріс болуы керек және нөл мен минус бір арасындағы мәндерді қабылдауы тиіс. Мән 1-ге неғұрлым жақын болса, соғұрлым ұзақ мерзімді тепе-теңдікке қол жеткізіледі. 5-кестеде қате нәтижелері бойынша түзету коэффициенті 0,1397 болып табылды. Тиісінше, экспортта шамамен 0,1397 ауытқу әр үш ай сайын қысқа мерзімде жойылады. Сонымен, бұл ауытқулар $1/|ЕСМ| = 1/|0,1397|$ Ол өзінің ұзақ мерзімді тепе-теңдігіне шамамен 7 кезеңде жетеді.

6-кесте. Гренджердің себептілік сынағы

H_0	Chi квадрат	Мән	Шешім
Импорт \neq экономикалық өсу	3.030	0.987	H_0 қабылданады
Экспорт \neq экономикалық өсу	15.024	0.001	H_0 қабылданбайды
Экономикалық өсу \neq импорт	26.033	0.000	H_0 қабылданбайды
Экономикалық өсу \neq экспорт	15.770	0.003	H_0 қабылданбайды
Экспорт \neq импорт	14.564	0.002	H_0 қабылданбайды
Импорт \neq экспорт	3.312	0.346	H_0 қабылданады

Ескерту: \neq белгінің мағынасы А айнымалысынан В айнымалысына Гренджер себептілік байланысы жоқ дегенді білдіреді.

Бірінші бағанда және 5% маңыздылық деңгейінде берілген гипотезаларды ескере отырып, нөлдік гипотезалар қабылданбады, себебі алғашқы төрт гипотеза үшін ықтималдық мәндері 0,05-тен аз болды. 6-кестеде экспорттан экономикалық өсуге Гренджер себептілік байланысы болғанымен импорт өсудің Гренджер себебі емес. Яғни Қазақстанда экспорт пен экономикалық өсу арасында екі жақты Гренджер себептілік байланысы бар. Сонымен қатар елімізде экономикалық өсу импорттың Гренджер себебі болғанымен, импорттан экономикалық өсуге себептілік байланысы жоқ.

Қорытынды

Жүргізген зерттеуімізді қортындылай келе, сыртқы сауда елдердің экономикалық өсу және даму процестерінде стратегиялық рөл атқарады. Елдер алған шетел валютасымен және импорттық инвестициялық тауарлармен ең өнімді секторлар мен

аймақтарға инвестиция салады және бұл шетел несиелерінің төлемдерін қамтамасыз етеді. Сонымен бірге экспорт нәтижесінде елге технологиялар мен білім трансферті қамтамасыз етіледі. Классикалық экономистердің пікірінше, либералдық саясатпен бірге сыртқы сауданы ырықтандыру елдердің әлемдік әл-ауқаттағы үлесі барлық елдерде өзара табыстармен бірге арта түсетінін атап көрсетеді. Экспортты кеңейту Қазақстан сияқты дамушы елдер үшін өте маңызды. Алайда кейбір ескеретін жайттар бар. Сыртқы сауда әл-ауқатты арттыра ма, жоқ па, оны эконометрикалық сынақтармен зерттеп, елге тигізетін пайдасын қарастыру керек. Адам Смиттен бері еркін сауда әл-ауқатты арттырады деген пікір қалыптасқан. Бұл зерттеуде Қазақстандағы сыртқы сауда мен экономикалық өсу арасындағы байланыс 1995-2022 жылдар арасындағы тоқсандық деректермен талданды. Сыртқы сауда және экономикалық өсу сияқты экономикалық айнымалыларға қысқа мерзімді талдаулар аясында саяси ұсыныстарды айқындау күрделі. Өйткені бұл айнымалылар әдетте деңгейлік тұрғыда стационарлық емес. Егер олар бірлік түбірлік талдауды орындамай деңгейде ең кіші квадраттар әдісімен талданса, жалған регрессия қателері кездесуі мүмкін, өйткені олардың ұзақ мерзімді қатынастары назарға алынбайды. Бірлік түбір тестімен барлық айнымалылар бірінші айырмашылықта стационарлы екені анықталғаннан кейін, яғни I (1), ұзақ мерзімді байланыстың бар-жоғын анықтау үшін Йохансен коинтеграциялық тест орындалды және ұзақ мерзімді байланыс бар деген қорытынды жасалды. Ұзақ мерзімді байланыс анықталғаннан кейін қателерді түзету моделі қысқа мерзімді ауытқулар ұзақ мерзімді перспективада тепе-теңдікке қашан жететінін анықтау үшін қолданылды. Қателерді түзету моделінің нәтижесінде қысқа мерзімді тұрақсыздықтар 2 жылдан кейін түзетіледі. Бұл саясатты өзгерту нәтижесінде қандай да бір жағымсыз ауытқу болса, ол тек 2 жыл ішінде тепе-теңдікке жетеді дегенді білдіреді. Сонымен қатар, қателерді түзету үлгісіне қолданылатын Гренджердің себеп-салдарлық талдауына сәйкес, экспорт пен өсу арасында екі жақты себептілік және экономикалық өсуден импорт айнымалысына бір бағытты себептілік байланысы бар. Бұл нәтижелер Қазақстанда импортталатын тауар немесе қызметтердің экономикалық өсудің себебі бола алмайтындығын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Feldstein M. Domestic saving and international capital movements in the long run and the short run. – National Bureau of Economic Research, 1982. – №. w0947
- 2 Osaghale B. D., Amonhienan E. E. Foreign debt, oil export and FDI and economic performance in nigerian //Nigerian Journal of Economic and Social Studies. – 1987. – Т. 29. – С. 359-380
- 3 Choe J. I. Do foreign direct investment and gross domestic investment promote economic growth? //Review of development economics. – 2003. – Т. 7. – №. 1. – С. 44-57
- 4 Nasreen S., Anwar S. Causal relationship between trade openness, economic growth and energy consumption: A panel data analysis of Asian countries //Energy Policy. – 2014. – Т. 69. – С. 82-91
- 5 Bal D. P., Dash D. P., Subhasish B. The effects of capital formation on economic growth in India: Evidence from ARDL-bound testing approach //Global Business Review. – 2016. – Т. 17. – №. 6. – С. 1388-1400

6 Bayer Y., Marius D. G. FDI inflows and financial development in central and Eastern EU Union countries: A panel co integration and causality //International Journal of Financial Studies. – 2018. – Т. 6. – №. 55. – С. 1-13

7 Kravis I. B. Trade as a handmaiden of growth: Similarities between the nineteenth and twentieth centuries //The Economic Journal. – 1970. – Т. 80. – №. 320. – С. 850-872

8 Riezman R. G., Whiteman C. H., Summers P. M. The engine of growth or its handmaiden? A time-series assessment of export-led growth. – Physica-Verlag HD, 1996. – С. 77-110

9 Frankel J., Romer D. Does trade cause growth? american Economic review, v. 89, n. 3. – 1999. – С. 379-399

10 Henriques I., Sadorsky P. Export-led growth or growth-driven exports? The Canadian case // Canadian journal of Economics. – 1996. – С. 540-555

11 Al-Yousif Y. K. Exports and economic growth: Some empirical evidence from the Arab Gulf countries //Applied Economics. – 1997. – Т. 29. – №. 6. – С. 693-697

12 Akbar M., Naqvi Z. F., Din M. Export diversification and the structural dynamics in the growth process: The case of Pakistan [with comments] //The Pakistan development review. – 2000. – С. 573-589

13 Dritsakis N., Adamopoulos A. Financial development and economic growth in Greece: An empirical investigation with Granger causality analysis //International Economic Journal. – 2004. – Т. 18. – №. 4. – С. 547-559

14 Hameed A. et al. The Growth Impact of Exports in South Asian Countries [with Comments] // The Pakistan Development Review. – 2005. – С. 901-919

15 Muhammad S., Pervaz A., Ahmad K. Exports-led growth hypothesis in Pakistan: further evidence // – Asian Economic and Financial Review. – 2011. – Т. 1. – №. 3. – С. 182-197

16 Enu P., Havi E. D. K., Hagan E. The Impact of Foreign Trade on Economic Growth in Ghana (1980-2012) //International journal of academic research in economics and management sciences. – 2013. – Т. 2. – №. 5. – С. 174

17 Were M. Differential effects of trade on economic growth and investment: A cross-country empirical investigation //Journal of african trade. – 2015. – Т. 2. – №. 1-2. – С. 71-85

18 Palamalai S. Causal nexus between export and growth: BRICS Nations //Srinivasan, P.(2016), 'Causal Nexus between Export and Growth: BRICS Nations', SCMS Journal of Indian Management. – 2016. – Т. 8. – №. 1. – С. 67-80

19 Makhmutova D. I., Mustafin A. N. Impact of international trade on economic growth // International journal of scientific study. – 2017. – Т. 5. – №. 6. – С. 140-144

20 Blavasciunaite D., Garsviene L., Matuzeviciute K. Trade balance effects on economic growth: Evidence from European Union Countries //Economies. – 2020. – Т. 8. – №. 3. – С. 54

21 Hobbs S., Paparas D., E. AboElsoud M. Does foreign direct investment and trade promote economic growth? Evidence from Albania //Economies. – 2021. – Т. 9. – №. 1. – С. 1

А.О.Сыздықова, Г.Ж.Азретбергенова, Ж.К.Жетібаев

*Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави,
Туркестан, Казахстан*

Эмпирический анализ влияния внешней торговли на экономический рост в Казахстане

Аннотация. В мире страны после пандемии COVID-19 прилагают большие усилия для восстановления своей экономики. В период с 2019 по 2021 год объем внешней торговли между странами колебался, сохраняется нестабильность в международной торговле. В целом внешняя торговля оказывает положительное влияние на рост экономики страны. Исходя из этого, увеличивая объем внешней торговли, государства стараются грамотно проводить свою политику. Связь между внешней торговлей и экономическим ростом начинается с появлением международной экономики. Внешняя торговля является одним из основных факторов экономического роста. Для того, чтобы страны имели экономические отношения друг с другом, они должны заниматься деятельностью, обеспечивающей приток валюты, повышая их экспортный потенциал. Основными задачами внешней торговли являются обеспечение экономического роста и развития, ускорение роста. Исследования в области экономики показывают, что внешняя торговля оказывает как положительное, так и отрицательное влияние на рост национальной экономики. В этом исследовании взаимосвязь между экономическим ростом Казахстана и внешней торговлей была проанализирована с данными за 1995-2022 гг. Коинтеграционный анализ Йохансена использовался для проверки наличия долгосрочных связей между переменными. Кроме того, для анализа причинно-следственной связи между переменными был проведен тест причинности Грейнджера. Согласно анализу причинно-следственной связи Грейнджера, существует двунаправленная причинно-следственная связь между экспортом и ростом и однонаправленная причинно-следственная связь между экономическим ростом и переменной импорта. Эти результаты показывают, что импортированные товары или услуги не могут быть причиной экономического роста в Казахстане.

Ключевые слова: внешняя торговля, экспорт, импорт, экономический рост, международная экономика, Казахстан, коинтеграционный анализ.

A.O. Syzdykova, G.Zh. Azretbergenova Zh.K. Zhetibayev

Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan

Empirical analysis of the impact of foreign trade on economic growth in Kazakhstan

Abstract. Following the global pandemic of COVID-19, countries around the world are making significant efforts to restore their economies. Between 2019 and 2021, the volume of international trade fluctuated. In general, foreign trade has a positive influence on the growth of the country's economy. On this basis, increasing the volume of foreign trade, states try to conduct their policies

competently. The relationship between foreign trade and economic growth begins with the emergence of the international economy. Foreign trade is one of the main factors of economic growth. In order for countries to have economic relations with each other, they should be engaged in activities that provide currency flow, increasing their export potential. The main tasks of foreign trade are to ensure economic growth and development and to accelerate growth. Research in economics shows that foreign trade has both positive and negative effects on the growth of national economies. In this study, the relationship between Kazakhstan's economic growth and foreign trade was analyzed with data from 1995 to 2022. Johansen's cointegration analysis was used to examine the presence of long-term relationships between variables. In addition, in order to analyze the causal relationship between the variables, the Granger causality test was performed. According to Granger causality analysis, there is bidirectional causality between exports and growth and unidirectional causality from economic growth to import variable. These results show that imported goods or services cannot be the cause of economic growth in Kazakhstan.

Keywords: foreign trade, export, import, economic growth, international economy, Kazakhstan, co-integration analysis

Information about authors:

Сыздықова А.О. – PhD, қауымдастырылған профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, экономика, қаржы және есеп кафедрасы, Түркістан, Қазақстан

Азретбергенова Г.Ж. – э.ғ.к. профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, экономика, қаржы және есеп кафедрасы, Түркістан, Қазақстан

Жетібаев Ж.К. – PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, экономика, қаржы және есеп кафедрасы, Түркістан, Қазақстан

Syzdykova A.O. – Ph.D., Associate professor of Department of Economics, Finance and Accounting, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

Azretbergenova G.Zh. – Candidate of Economical Sciences, professor, Head of Department of Economics, Finance and Accounting, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

Zhetibaev Zh.K. – PhD, «Economics, finance and accounting» department, International Kazakh-Turkish University named after Kozha Ahmet Yasawi, Turkestan, Kazakhstan



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).